

Т. Қадыл^{1*}, Ж.А. Сейсембаева²

¹Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹taldaobekashimhan@gmail.com, ²janka-1980@mail.ru

ORCID: ¹0009-0007-3224-9555, ²0000-0003-1077-0001

ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Аңдатпа. Қазақ әдебиетінде тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасап, ел өмірінің сан алуан қырларын суреттеген романдардың қомақты бір бөлігіне тарихта өткен өнер адамдарының өміріне арналған шығармалар жатады. Ел тағдырымен егіз өріліп, шынайы өмір шындығынан алынған тарихи тұлғалардың өмірін арқау еткен романдар – романның өзге түрлеріне қарағанда тартымдылығы жағынан да, тарихи құндылығы жағынан да зор маңызға ие. Бұл тақырыптағы романдардың басты ерекшелігі – халық өміріне қажетті тарихи құндылықтарды кең қамтып суреттеумен қатар, заманалық сипатқа ие болуы. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздіктен кейін жарық көрген қазақ романдарындағы тарихи тұлғалар образы мен тарихи шындықтың ашылу мәселелерін қарастыру. Сондай-ақ, өнер қайраткерлері образының көркемдік шешімін, ондағы тарихи шындықтың тарихи романға сай ашылуын және жазушының шеберлік мәселелерін жан-жақты, терең зерттеу. Бұл мақсатты орындау үшін Т. Мәмесейіттің «Таңжарық», Қ.Толыбаевтың «Әсет» романдарын талдай отырып, ондағы тарихи шындықтың ашылуы, заман келбетінің суреті, жазушы суреткерлігі сияқты аспектілер кешенді түрде қарастырылады. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – тарихи романға байланысты түрлі тақырыптарды зерттеуге материалдық қорды байыту. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері: бірінші, өнер қайраткерлерін арқау еткен романдарда сақталған ортақ мәселелерді көрсету, ғылыми жинақтаулар мен қорытындылар жасау; екінші, «Таңжарық» пен «Әсет» образдарының ашылуын нақты мысалдармен талдап көрсету; үшінші, зерттеу барысында екі жазушының тарихи шындықты тарихи романдардың стильдік ерекшелігіне сәйкестендіріп жазудағы қаламгерлік қарымы мен шеберлік үлгілерін талдау.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ романы, тарихи шындық, өнер қайраткерлері, көркем образ, қаламгер шеберлігі, дәуір шындығы, әдеби бейне.

T. Kadyl^{1*}, Zh.A. Seisembayeva²

¹R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹taldaobekashimhan@gmail.com, ²janka-1980@mail.ru

ORCID: ¹0009-0007-3224-9555, ²0000-0003-1077-0001

THE ARTISTIC IMAGE OF CULTURAL FIGURES AND HISTORICAL TRUTH

Abstract. In Kazakh literature, a significant portion of novels is devoted to the lives of historical figures, particularly representatives of the arts, whose fictional portrayals reflect the multifaceted life of the nation. Compared to other types of novels, works based on real historical personalities and closely intertwined with the fate of the people possess considerable artistic appeal and historical value. A distinctive feature of such novels is

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Т. Қадыл, Ж.А. Сейсембаева. Өнер қайраткерлерінің көркем бейнесі және тарихи шындық // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 112-125. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-07>.

their comprehensive depiction of historical values essential to national life, while also reflecting the spirit of the era. The aim of this study is to examine the representation of historical figures and the revelation of historical truth in Kazakh novels published after independence. The research also focuses on the artistic interpretation of cultural figures, the representation of historical truth within the framework of the historical novel, and the literary craftsmanship of the authors. To achieve this goal, the study conducts a comprehensive analysis of T. Mameseit's *Tanjarıq* and K. Tolybaev's *Aset*, examining their representation of historical reality, portrayal of the era, and authorial mastery. The scientific and practical significance of the study lies in enriching the research base for various topics related to the historical novel. The main results of the research are as follows: first, common issues reflected in novels devoted to cultural figures are identified, and scholarly conclusions and generalizations are drawn; second, the portrayals of *Tanjarıq* and *Aset* are analyzed through specific examples; third, the literary approaches and stylistic craftsmanship employed by the two authors in conveying historical truth within the stylistic framework of the historical novel are thoroughly examined.

Keywords: modern Kazakh novel, historical truth, cultural figures, artistic image, literary craftsmanship, truth of the era, literary image.

Т. Кадыл^{1*}, Ж.А. Сейсембаева²

¹Институт востоковедения Р.Б. Сулейменова, КН МНВО РК, Алматы, Казахстан,

²Казакхский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹taldaobekashimhan@gmail.com, ²janka-1980@mail.ru

ORCID: ¹0009-0007-3224-9555, ²0000-0003-1077-0001

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБРАЗЫ ДЕЯТЕЛЕЙ ИСКУССТВА И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА

Аннотация. В казахской литературе значительное место занимают романы, посвящённые жизни деятелей искусства, художественные образы которых воссозданы на фоне различных сторон народной жизни. Романы, основанные на реальных судьбах исторических личностей и тесно переплетённые с судьбой народа, отличаются не только художественной привлекательностью, но и высокой исторической ценностью по сравнению с другими видами романов. Главной особенностью произведений данной тематики является широкое отражение исторических ценностей, значимых для жизни народа, а также отображение духа эпохи. Цель исследования – рассмотреть образы исторических личностей и способы раскрытия исторической правды в казахских романах, опубликованных после обретения независимости. Также в работе исследуются художественная интерпретация образов деятелей искусства, особенности раскрытия исторической правды в рамках жанра исторического романа, а также писательское мастерство авторов. Для достижения поставленной цели проводится комплексный анализ романов Т. Мамесейта «Танжарык» и К. Толыбаева «Асет» в аспектах раскрытия исторической правды, изображения эпохи и авторского мастерства. Научная и практическая значимость работы заключается в расширении исследовательской базы по различным проблемам, связанным с историческим романом. Основные результаты исследования заключаются в следующем: во-первых, выявлены общие проблемы, отражённые в романах о деятелях искусства, а также сделаны научные обобщения и выводы; во-вторых, проведён детальный анализ раскрытия образов Танжарык и Эсета на конкретных примерах; в-третьих, проанализированы художественные подходы и стилистическое мастерство двух авторов в интерпретации исторической правды в рамках жанра исторического романа.

Ключевые слова: современный казахский роман, историческая правда, деятели искусства, художественный образ, писательское мастерство, правда эпохи, литературный образ.

1. Кіріспе

Тарихи тұлға – халқына еткен еңбегімен ғана ел есінде қалып, тұлға ретінде сақталады. Бүкіл өмірін халқының бақыты жолында арнаған, ел тарихында мәңгі өшпестей ізі қалған адамды халық әрқашан естен шығармай, еңбектерін ұлықтап,

оны тарихи тұлға ретінде бағалайды. Оның өмірі ел тарихымен егіз. Сондықтан да тарихи тұлғалар өмірінен жазылған романдар қазақ халқының басынан кешкен өмірінен көп сыр шертеді.

«Қазақ әдебиетінде тарихи тұлғаның, өнер адамының өмірін арқау еткен шын мәніндегі тарихи романның туып, қалыптасуына Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы жол ашты. Осыдан кейін қазақ роман жасампаздығында тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасаған тарихи-ғұмырнамалық романдар өрісі барған сайын кеңейіп, желі тартты» (Әшімхан, 2019: 46). Мәселен, Абай, Махамбет, Ақан сері, Әуезов, Біржан сал, Таңжарық, Әсет сияқты көптеген әдебиет және өнер қайраткерлерінің өмірін арқау етіп жазылған тарихи романдардың қатары барған сайын молыға түсті. Әрине, халық тарихында елеулі із қалдырған, еңбегі ерен тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты қарастыру қажет-ақ. Ел өмірінде, халық тарихында елеулі ізі қалған тарихи тұлғаның өмір жолын жазу арқылы өткен дәуірдің, күрделі кезеңдердің тарихи шындығын ашуға мүмкіндік туады. Сондықтан да өнер қайраткерлерінің өміріне арналған бұл романдар «жеке тұлғаның тарихи өмірін арқау етіп алынғанмен, қоғам өмірінің әр алуан қырларын, қазақ халқының басындағы жағдайды, күрделі әлеуметтік мәселелерді жан-жақты суреттеуге құрылған еді. Әрі тарихи қайраткердің шынайы келбетін ел өміріне байланысты мәні зор тарихи оқиғалармен өзектестіре отырып, көркемдік жинақтаудан өткізген бұл романдардың шынайылығы күшті болды» (Қадыл, 2024).

Қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тұлғалар өміріне арналған романдардың саны біршама мол. Алайда қазақ жазушылары сол талантты қайраткерлердің тарихи-көркем бейнесін өз деңгейінде, биік парасаттылықпен, шебер суреткерлікпен көрсете алды ма? Романның көркемдік талаптарына сай дәуір рухын бейнелеп, бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне жауап бере алды ма? Күрделі тартыстар арқылы есте қаларлық, жоталы образдар жасай алды ма? – деген сияқты заңды сұрақтар туындайды. Шындығында, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін сомдауға арналған романдардың бәріне бірдей көңіл тола бермейді. Әсіресе Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген тарихи тұлғаларға арналған романдардың көбінің кемшілігі анық байқалады. Былайғы жұрт халық тарихында еңбегі зор тарихи қайраткердің өмірі мен еңбектерін, сондай-ақ сол тұлға өмір сүрген кезеңнің шындығын білгісі келеді. Көркем дүниеден рухани қуат тапқысы келеді. Өкінішке қарай, кейбір жазушыларымыз халық қадірлеген тарихи тұлғаның шынайы көркем бейнесін суреткерлікпен көрсету орнына, нанымсыз хикаялар мен жасанды, жасық дүниелерге айналдырып жіберді. Білген адамға күрделі тарихи тұлға жайында тарихи роман жазу өте қиын. Ұлы суреткер М.Әуезовтің өзі «Абай» тұлғасын жасауға бүкіл өмірін арнаған жоқ па?!

Тарихи қайраткердің өмір жолындағы қым-қуыт оқиғаларды, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың түрлі мәселелерін тізе баяндап шығумен роман мақсаты орындалмайды. Көркемдік жинақтаудан өтпей, жанды образ жасалмай, жеке тұлғаның өмірі мен еңбектері қанша баяндалса да, ол роман емес, көркемдік сүзгіден өтпеген шикі материалдардың үйіндісі ғана болып шығады. Расында, қазақ әдебиетінде өнер қайраткерлерін арқау еткен романдардың дені жеке тұлғаның өмірі мен еңбектерін ұзақ баяндаудан тұрады. Жеке тұлғаның образын көркемдеуге қызмет етпейтін басы

артық оқиғалар тізбегімен роман көркейіп, кейіпкер тұлғаланбайды. Романның құндылығы оның көлемінде емес, көркемдігінде, ойшылдығы мен парасаттылығында екендігін түсінген жөн.

Романды шалқар айдынды, кең құлашты жанр деп санасақ та, онда жинақылық, қысқалық, дәлдік ескерілмейді деген сөз емес. Қоғамдық, әлеуметтік күрделі мәселелерді тереңірек таратып, жан-жақты суреттеп жеткізуде нәзік, шағын әңгіменің табиғаты көтере алмайды. Тіпті одан сүйектілеу повестің ыдысына да сыймайтын жағдайда, әлгіндей елеулі, кең толғауды қажет ететін тұстарда ауқымы кең, шалқар тынысты роман жанрының қасиеттеріне сүйенеміз. Алайда роман табиғатына жат, түкке тұрғысыз ұсақ істерді қызылсөзділікпен көпіртіп баяндауға болмайды. Әрі романда келелі тақырыптарды көтеруді мақсат етсек, әңгіме-повестің еншісіне тән ұсақ-түйек жайларды індете қуалап суреттеудің қажеті жоқ. Міне, осы мәселелер Т.Мәмесейіттің «Таңжарық» және Қ. Толыбаевтың «Әсет» романдары зерттеліп, кең масштабта талданып шешіледі.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі гуманитарлық ғылымдардың классикалық және заманауи әдістері, мәтіндік-интерпретациялық тәсілдер негізінде айқындалды. Роман теориясына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Сонымен бірге, қазіргі қазақ романдарындағы өнер қайраткерлерінің образы, тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелері контекстуалды талдау арқылы жүйеленді. Зерттеу нысанына алынған екі жазушының романдарына салыстырмалы зерттеу мен теориялық жүйелеу әдістері қолданылды.

2.2. Материалға сипаттама

Зерттеу материалы ретінде Тұрлыбек Мәмесейіттің «Таңжарық» және Құрманбай Толыбаевтың «Әсет» романдары алынды. Бұл шығармалар жеке тұлғаның өмірін суреттей отырып, ол өмір сүрген дәуірдің шындығын көрсетуге арналған. Әрі өмірлік деректер мен көркемдік қиялдың үйлесімі арқылы кейіпкер образы мен тарихи шындықты ашудағы жазушы шеберлігі жан-жақты талданады. Аталған екі романды талдау барысында тарихи роман теориясына қатысты шетелдік және отандық әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен сын-пікірлері басшылыққа алынды. Шетелдік ғалымдардан Нэн Фань, Ло Гэньзы, Фьи Фың, ал отандық ғалымдардан С.Әшімбаев, З.Қабдолов, Р.Бердібай, Г.Пірәлиева сияқты тұлғалардың ғылыми тұжырымдары пайдаланылды.

Жазушы Тұрлыбек Мәмесейіттің «Таңжарық» атты роман-дилогиясы Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, әйгілі ақын Таңжарық Жолдыұлының (1903 –1947) қоғамдық өміріне арналып жазылған. Ал Құрманбай Толыбаевтың «Әсет» атты романы асақ дауысты әнші, суырыпсалма ақын, өнер қайраткері Әсет Найманбайұлының (1867 –1922) өмірін арқау етеді. Бұл екі романның бас кейіпкерлері қазақ тарихында, әдебиеті мен өнерінде үлкен орын алатын тарихи тұлғалар болып саналады.

3. Талқылануы

Жазушы өзі суреттеп отырған тарихи тұлға алдындағы жауапкершілігін айқын сезінуі керек. Егер туындыгер халық ардақтаған тұлғаның шынайы бейнесін шымыр, көркем тілімен, эпикалық тыныспен кең суреттеп бере алмаса, тақырыпты еркін игеріп, жеткізе жаза алмаса, оқырман алдында ұятқа қалады. Жазушы жеке тұлғаның характерін ашама деп, қоғамның бүкіл қасіретін, әлеуметтік салмағын кейіпкердің мойнына арта берсе, кейіпкер образы дараланып, айшықталмайды. Қайта жазушы суреттеп отырған адамдардың жан дүниесіне, өміріне барлау жасап, шынайы әрі нақ суреттеп бере алуы тиіс. Ол үшін жазушыға терең ойшылдық, парасаттылық, суреткерлік, яғни интеллектілік қасиет қажет.

Суреткерлік дегеніміз тарихи күрделі мәселелерді немесе жеке тұлғаға қатысты оқиғаларды жұпыны сөзбен сүлесөк суреттеп шығу, шиырлап ұзақ баяндау емес. Адам жанының нәзік тұстарын, елеусіз жықпылын шеберлікпен көрсете білу; өзгелер аңғармаған, ойына оралмаған тосын құбылыстармен таңғалдыра, тамсандыра жазу болса, ойшылдық – әр суретіне, әр сөзіне оқырманды қапысыз иландырып, терең ойларға жетелеп қана қоймай, өмірді, құбылысты таныта білу, рухани қуат сыйлау. Демек, парасаттылық пен суреткерлік ұштасқанда ғана жазушы бос баяндаудың жетегінде кетпейді.

Тарихи тұлғалардың өмірінен алынған тарихи-ғұмырнамалық романдарда кездесетін ортақ ағаттық – кейіпкерді, болмысты айшықты тілмен терең суреттеудің, жан-жақты психологиялық талдаулар жүргізудің орнына негізгі идеяға қызмет етпейтін қатысты- қатыссыз оқиғаларды, яғни кейіпкердің қайда барғанын, не істеп, кімдерге кездескенін, онда не сөз болғанын, қандай оқиғалар болғанын бүгешігесіне дейін баяндаушылықтан, оқиғаны хроникалық тізбектеушіліктен арылмай келе жатуы. Мұндай публицистикалық стильдегі жалаң баяндаушылық көркем шығарманың қасиетін кетіреді. Әрине, көркем шығармадағы баяндаудың маңызды орнын ескермеуге болмайды.

Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдің сан-салалы жақтары, нақтылы болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. «Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады» (Нэн Фань, 2008: 238). Жазушы Таңжарық Жолдыұлы өмірінің маңызды белестерін, қадау-қадау оқиғаларын суреттеу арқылы сол заманның шындығын жеткізеді. «Тарихи шығармада өмірде болған оқиғалармен қатар, ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді» (Фыи Фың, 2019: 134). Ең бастысы, романдағы негізгі тарихи кейіпкерге байланысты шынайылық солғындап кетпеуі тиіс. Ал қосалқы кейіпкерлердің бірсыпырасы ойдан қосылып немесе өңделіп, көркем ой көрігінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып, нәрленіп шығады.

Тарихи романда суреттелетін оқиғаның өзегі негізінен өмірде болған оқиғалардың аясында алынатындықтан, суреткер маңызды тарихи жайларды, көптеген нақтылы деректерді анық білуі керек. Жазушы ойдан қаншама көркем суреттеулер тудырса да, бәрібір тарихи шындықты аттап өтіп, бұрмалауға болмайды. «Өткен дәуір қалай суреттелмесін, бәрібір сол кездің өз болмысын білдіруі қажет» (Ло Гэньзы, 2003: 74). Бұл үшін тарихи деректерге сүйенуі, шындықты бұрмаламауы шарт. Солай

еткенде ғана тарихи тұлғаның өмірі де, қоғам шындығы да өз қалпында нанымды бейнеленеді. Қоғамның даму процесі, саяси таптар мен шонжарлар, кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекеті өз заманының қалыбына сай алынады. Мұның бәрі жазушының суреткерлік парасаты мен шеберлігі арқылы іске асады.

Бүгінгідей интеллектуалданған, рухани өресі өскен заманда романдарды бұрынғыдай тек қана көтерген тақырыбына, идеясына, суреттеп отырған оқиғалары мен детальдарына қарап баға беру арқылы мәселе шешілмейді. Бес жүз, тіпті мың беттен тұратын бірыңғай баяндауға құрылған роман оқырманды жалықтырады. Жазушы үшін оқырманды мойынсал ету де үлкен жетістік болып саналады. Мінезі, психологиясы жаңарған, өзгерген, өзгеше таным мен талғам қалыптастырған оқырманды көне сүрдекпен жазылған туындымен алдарқату мүмкін емес. Оқырман әрбір көркем шығармадан рухани қуат, нәр қабылдай алса, сол – жеңіс. Ойшыл, суреткер, психолог бола алмаған жазушы төрт тұрманы түгел жақсы шығарма жаза алмайды. Шын мәніндегі көркем, келісті туынды өмір шындығын айнытпай суреттеп берумен, оқиғалар арқылы кейіпкерлер тартысын таратып жазумен бітпейді. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Шығарманың ең қасиетті міндеті – адамның жүрегін, жанын, жалынды ойын кең де терең күйде ашып бере білуде» (Әшімбаев, 1993: 28). Адамның ішкі әлемін суреттемеген, психологизмнің тереңіне бойламай, сыртқы болмысты, оқиғаның өзін ғана баяндап көрсеткен жазушыны бұл жағдай тұйыққа тірейді.

Бұл мәселе, біз қарастырып отырған жеке тұлғалар өмірінен алынған тарихи романдардың бір жетіспеушілігі болып табылады. Осындай романдардың қатарында Тұрлыбек Мәмесейіттің «Таңжарық» атты роман-диалогиясын атауға болады. Роман авторы «Әулие шоқы», «Тау» қатарлы көптеген прозалық кітаптары жарық көрген талантты жазушы. Бірақ Т. Мәмесейіттің талғамы биік талант иесі, қоғам қайраткері Таңжарықтың өмірін арқау еткен бұл романы біз күткен деңгей мен талаптан көп олқы соғып тұрғанын жасырмаймыз.

Романның бірінші кітабы Таңжарықтың Кеңес еліне (қазіргі Қазақстан) өтіп, қайта өз ауылына қайтқанға дейінгі ақынның басынан кешкені мен көрген-білгенін баяндайды; екінші кітабында Таңжарықтың өз еліне қайтып барғаны, істі болып абақтыда азап тартқаны және босап шыққан соң көп ұзамай қайтыс болғаны баяндалады. Жеті жүз алпыс беттен тұратын романға жазушының қаншама қаны мен тері сіңгені айдан анық. Ең әуелі, Таңжарықтай тұлғаның көркем бейнесін жасауға көрсеткен қажырлығын, еңбекқорлығын, талантын мойындамасқа болмайды. Жазушының ұзақ жылдық қажырлы еңбегінің жемісін «нашар екен» дейтін жеңіл мінез, жел сөзбен тұқыра салудан мүлде аулақпыз.

Алыс сапарға жол алған жолаушы үшін алғашқы қадамды адаспай басуы маңызды болғаны сияқты, көркем шығарманың да басталуы, оқиғаға сәтті енуі – тұтас шығарманың бағытын оңалуға, сәтті шығуына зор ықпал етеді. Жазушы Тұрлыбек Мәмесейіт роман оқиғасын Таңжарық өмірінің белгілі кезеңінен бастап жазған, әрі оқырманды оқиға ішіне бірден жетелеп алып кіреді. Оқырманды адастырмай, бірден оқиғаға қызықтыра тартып бастауымен-ақ жазушы жасампаздығының өзіне тән мәнерін, сәтті әрі қуатты қырын аңғартады.

Таңжарық басындағы тағдыр сол мезгілдегі халық басындағы жағдай еді. Қайда барса, тағдыры талқыға түсіп, қысым мен қорлық көрген елдің көз жасының қанды табы ақын Таңжарық поэзиясының әр жолынан табылады. Өмір жолы күреске толы, өзгеше таланттың басынан кешкені ешбір ақынға ұқсамайды. Оның найзағайдай жарқылдап, нөсердей төкпелеген, дауылдай бұрқыраған асау, асқақ шабытты жырлары – ақын тағдырының айнасы, аяусыз азап пен бейнетке толы өмірінің шежіресі еді. Ақын өлеңі лаулаған жалын мен қайнаған кекке суарылып, қанымен жазылды. Тек шындықтан ғана туған, шар болаттай өткір өлеңі жұрт жүрегінен жол тауып, қанат қақты. Асқақ рухқа, азаматтық пафосқа толы тағдырлы жырлары халық қазынасына айналып, болашаққа бой түзеп, күн өткен сайын асқар тартты.

Жазушы Т. Мәмесейіт халық өмірінің көкірекпен мәңгі өшпес сoralы ізін, қасіретті түсін Таңжарық тағдырымен өбістіре отырып баяндауы, қоғамның тұлғалы мәселелеріне араласып, өзі де соның құрбаны болған жалынды ақын өмірінің бедерлі тұстарын суреттеудің, халық тағдырына бұрылыс әкелген кезеңнен бастауының мәні осында.

Өнер-білімге жаны құштар ақын Күредегі оқуы үзіліп қалған соң, лажсыздықтан Нарынқолдағы нағашысының ауылына келіп, Қаратұмсықтағы жеті жылдық мектепке оқуға түседі. Бұл жақтағы үш жылдық өмірінде Таңжарық талай өнер адамдарымен танысып, өнері ұшталып, білігі арта түседі.

Жазушы романда Таңжарықтың шығармашылық өрісінің кеңейіп, шыңдала түсуін көрсету үшін оны Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Иса Байзақов, Көдек Маралбайұлы, Шарғын Әлғазыұлы, Ораз Жандосов, Қойдым Дәрубайқызы сияқты ақындар мен жазушылармен, Қалибек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Манарбек Ержанұлы секілді әнші-күйші халық өнерпаздарымен жолықтырады. Шұбартал, Көккемер, Қарқара, Шалкөде жайлауларындағы өнер шашуы, атақты айтыс ақыны Қойдым Дәрубайқызымен айтыстары Таңжарық өмірінің маңызды бір белесі болып қала береді. Сонымен бірге, Таңжарық ақын жеті жылдық мектептегі мұғалімі Әбдімәлік арқылы Абай, Шәкәрім, Мағжан, Міржақып шығармаларымен танысып, ой өрісі кеңейе түседі. Жазушы Т. Мәмесейіт Таңжарық өмірінің елеулі тұстарын кең суреттеп, қоғамдық жағдайлардан да мол мағлұмат бергенін романның табысы деп айтуға болады. Сонымен қатар, шағын оқиғамен, «бір-ақ сығым сөзбен» (М. Әуезов) бүге-шігесіне дейін созып ұзақ баяндайды. Мәселен, романның бірінші кітабында Таңжарықтың Кеңес еліне қалай өтіп, қалай жеткені; бара салып ағасы Қайырбектің өлімін естіртудің қисынын таппай, Тінәлі мен Баспақ би арқылы жеткізуі; оқуға түсу ойын білдіріп, оны ауыл ақсақалдарымен ақылдасуы; келесі күні мектепті көріп, байқап келгені; мұғалімдермен қалай танысқаны; ел аралап, жер танып, жиын-тойға қатысып ән салуы – яғни Таңжарықтың Кеңес еліндегі үш жылында басынан кешкенінің бәрі егжей-тегжейлі баяндалады.

Мұндай композициядағы қарабайырлық, тілдік бейнелеу мен образ, суреттеудегі жалаңдық, бір сыдырғы көш-құлаш баяндаулар оқырманды ығыр қылып, қажытып бітеді. Мысалы, байлардың малын санап, өкіметке өткізу туралы қарар шығарып, жиын ашу оқиғасын алты бет көлемінде баяндап шығады (Мәмесейіт, 2017: 286-291). Бұл оқиға әрине романның идеясы үшін қажет шығар. Алайда оны осынша ұзақ баяндаудың керегі жоқ. Кеңес үкіметінде болып жатқан осы қоғамдық жағдайды,

байды тәркілеген бұлағай заманның сиқын жазушы Смағұл Елубай «Ақбоз үй» роман-трилогиясында да суреттейді. Смағұл Елубай романында: «Қолына мөр тиген ауылдағы етікші Шәріп «өкіметпін» деп шелтиіп...» (Елубай, 2008: 7) деп кейіпкер Шәріптің тақыр кедейлігін, ауылнай болғанын жалғыз сөйлеммен жайлап қана ұқтырады.

«Таңжарық» романының екінші кітабында Таңжарық жылқы барымташыларымен ілесіп, екінші рет Қалжат шекарасынан Кеңес еліне (қазіргі Қазақстан) өтеді. Ақынның бұл жолғы сапардағы мақсатын романда Таңжарықтың өз аузынан: «Мен бұларға сол Келеке үшін ілесіп едім» деп береді (Мәмесейіт, 2017:367). Елінің қамын ойлаған қайраткер тұлға бір байдың тоқалына ғашық болып тәуекел етуін жазу – ақынның асқақ тұлғасын, алып образын жасаудан гөрі оны қатардағы көп топтың қатарына қосатын сияқты көрінеді. Мүмкін, жазушы ақынды періште емес, пенде ретінде көрсеткісі келген болар. Дегенмен бұл жерде деталь нақтылығы мен үйлесімділігі естен шықпауы керек еді. Жазушы осы тұста қателескен. Әр бейне, сурет жазушы тұлғалап отырған кейіпкердің өз деңгейіне сай болуы қажет. Өз басының қайғысынан ел мұратын жоғары қоятын асқар тұлғаның телі-тентекке еріп, алаңғасарлық әрекетке баруы сенімсіз. Және тарихи шындықтан да алшақ екені байқалады.

Жазушы тарихи тұлғаның образын сомдауда кейіпкердің жан дүниесіне қаншалықты терең бойлап, психологиялық барлау жасай алды? Жұрт сүйінер нендей көркем шындықты ұсынды? Бар мәселе осында. Деталь мен оқиға шындығын нанымды етіп жеткізумен шығарманың міндеті толық орындалмайды. Қаламгердің басты мақсаты – тек оқиға мен детальды беру емес, суреттеп отырған өмір құбылысын заман, дәуір шындығы тұрғысынан көрсету. Сондай-ақ бейнеленіп отырған тарихи тұлғаның сол қоғамдағы орнын айқындау да маңызды. Осы шарттар негізінде оның шынайы болмысын, рухани және әлеуметтік келбетін дәл беру қажет. Бір сөзбен айтқанда, кейіпкерді терең зерттемей, оның жан дүниесіне үнілмей тұрып, көркемдік деңгейі жоғары шығарма тууы мүмкін емес.

Шебер суреткерлік жоқ жерде шығарманы сөз көптігі басып кетеді. Шағын оқиғамен үлкен ойды аңдатып, аз сөйлеммен кең сурет жасай алсаң – сол шеберлік. Артық деталь, қажетсіз баяндау немесе оқырманды толқытпайтын эпизодтар көркем ойдың қуатын әлсіретеді. Қазақтың «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» деген мақалы да осыны меңзейді. Ұлы Абайдың «Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы» дегені тек поэзияға емес, прозаға да талап ретінде қаралуы тиіс. Әңгіме шебері А.П. Чеховтың «Қысқалық – таланттың қарындасы» (Қабдолов, 1976: 132) дегені, А.С. Пушкиннің прозада қысқалық пен нақтылықтың маңызын ерекше атап көрсетуі осы ойды дәлелдейді.

Романның екінші кітабында да жазушы Т. Мәмесейіт ұзақ баяндау желісін үзбейді. Дегенмен екінші кітапта Таңжарықтың қоғамдық қызметтері мен шығармашылық жолы біршама жақсы бейнеленген. Кеңес үкіметінен еліне оралған Таңжарықты Жайырбек, Еркінбек сияқты байлар атымды ұрлап мініп, шетелге қашты деп оны жазалауға кіріседі. Осыдан кейін ақын өз үйінде тұрақтай алмай, ел аралап кетеді. Романда Таңжарық Іленің аудандарын түгел аралап, ел арасында өлең айтып, Кеңес елінен көрген-білгендерін жеткізеді. Сонымен бірге әділет, еркіндік, теңдік, бақытты

өмір туралы жаңа көзқарастарын да өлеңмен таратады. Сол кезеңдегі қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, шонжарлардың озбырлығын поэзия тілімен әшкерелейді.

Бұл көрініс романда Таңжарық пен Әлекеннің арғы беттен қайтып келе жатып, Қазыбек мампаңның ауылында болып жатқан астың үстінен түскені туралы эпизодта беріледі. Бүкіл Іле мен Алтай өңірінің шонжарлары жиналған топта Таңжарық жұрт сұрауымен ән салады. Әсіресе ел билеушілерінің қиянатын өткір тілмен сынайды. Іле өңірін аралаған сапарындағы өлеңдері кең таралып, ақындық даңқын арттыра түседі. Ал оған қарсы топтағы байлар мен саяси белсенділер «Таңжарық ел ішінде теріс үгіт таратып жүр» деп үстінен шағым түсіреді. Соның нәтижесінде 1926 жылдың күзінде Таңжарық Құлжадағы Даутай жамбылына қамалады. Оны қолдаған ел азаматтары он айдан соң босатып алады. Осыдан кейінгі 1926–1933 жылдар аралығындағы өмірінде ақынның қоғамдық қызметі мен шығармашылығында жаңа ізденістер байқалады. Ол өз өлеңдерінде заман қайшылықтарын: «Заманның құбылмалы түрі қандай», «Жолығып тар заманға тұрмыз қазір» деп бейнелейді. Соңында жалған айыптармен қуғынға ұшырап, 1940 жылдың 2 ақпанында түрмеге жабылады.

Қазақ ән өнерінде Ақан сері, Біржан сал сияқты ән перілерінің дәстүрін жалғап дамытқан, ән мен жырдың дүлдүлі атанған шоқтықты тұлғалардың бірі – Әсет Найманбайұлы. Оның жасампаздық өмірін кең қамтып суреттеген сүбелі еңбектердің бірі – Құрманбай Толыбаевтың «Әсет» атты тарихи-мемуарлық романы. Қ. Толыбаевтың «Әсет» романында қазақ халқының аса дарынды перзенттерінің бірі Әсет Найманбайұлының шығармашылық өмір жолы кең тыныспен суреттеледі. Әсет ән өнерінде ғажайып талант иесі. Оның әндерінің әуендік кеңдігі соншалық, «Қысмет», «Інжу-маржан» сияқты туындыларын орындау кез келген әншінің қолынан келе бермейді. «Әсет» романында дарынды әншінің күрделі өмір жолы халық басындағы қиын жағдайлармен байланыстырыла өріледі. Ақынның өмір жолы да күрделі, қат-қабат, қызықты оқиғаларға толы. Роман оқиғасы әншілік атағы аспандап, елге танымал болған Әсет өмірінің бір кезеңінен бастап суреттеледі.

Жазушы өзі сомдап, суреттеп отырған кейіпкер тұлғасын жан-жақты, кемелді көрсету үшін психологиялық бейнелеу құралдарын пайдаланады. Психологиялық тәсілдерді шебер қолдану, ең алдымен, жазушының қалам қуаты мен стильдік ерекшелігін айқындайды. Жазушы Қ.Толыбаев Әсеттің тұтас болмысын ашу үшін, ақын өмір сүрген қоғамдық ортаның шындығын көркем жеткізу мақсатында романда психологиялық баяндауға көбірек жүгінеді. «Суреткер бүкіл адами проблемаларды, бір кезеңдік қазақ өмірінің тіршілік-тынысын, сыртқы өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді» (Пірәлиева, 2007: 25). Жазушы романның алғашқы тарауларынан-ақ Әсеттің жан дүниесіндегі ширығуды авторлық психологиялық баяндау арқылы береді.

Психологиялық суреттеу, психологиялық талдау, психологиялық баяндау – жазушының шығармашылық қолтаңбасын айқындайтын негізгі тәсілдердің бірі. «Қаламгердің стильдік ерекшелігін айқындайтын көркемдік қырлардың бастысы – ішкі монологқа, яғни кейіпкердің жан әлемін ой-қиял арқылы қайта елестету, өткен өміріне сараптама жасау сияқты психологиялық құбылыстарға иек арту» (Қадыл, 2025). Бұл тәсіл Қ.Толыбаев романының басты ерекшеліктерінің бірі ретінде көрінеді.

Романның екінші тарауының басында Әсеттің жан дүниесін бейнелейтін авторлық психологиялық баяндаулар беріледі:

«Соңғы кезде өзінің күн сайын немен шұғылданғанын ойша шолып, салмағын саралаған Әсет шексіз шиырды шарлағандай тұңғыққа шөккен. Көңілін сұрғылт тұман торлағандай. Қара басының қамын күйіттей бастаған сыңайы бар. Кеудесіне түйілген реніштің суық табы денесін түршіктіріп, бүйірінен түртпектейді. Анықтап ештеңені қармана алмаса да, өзіне жабылған жалаға зығыры қайнайды. Ойы астаңкестең. Ызаланады, шамырқанады. Бойын ашу қысқан. Жазығы жоқ қой, ендеше сонша қорлағаны несі? Әлде шеттен келгенін желеу етіп, есерлердің қаңғыбасқа санағаны жанына батты ма? Күйінішін өзі де түсіне алмай әлек. Бір-ақ нәрсеге қатты ызалы. Ол – қазақ ішіндегі жымысқылардың өсекшілдігі. Олар біреуді жасыту үшін жанын салады. Мұны біле тұрып несіне күйінеді? Әлде шалғай кетіп, бірнеше ай бойы көрмегендіктен үйін, ошағын сағынғаны ма?..» (Толыбаев, 2013: 16-17).

Осылайша кейіпкердің ішкі ой ағымы жалғаса береді. Алайда жазушы Қ. Толыбаев осы тұста Әсеттің жан дүниесіндегі психологиялық арпалысты беруде артық сөзділікке жол береді. Әсет ойының ширығуын ықшам, астарлы бір-екі сөйлеммен жеткізудің орнына, ұзақ баяндауға ұрынады. Нәтижесінде оқырман негізінен Әсеттің өсек сөзге байланысты күйзелісін ғана аңғарады.

Әсет – өнер адамы. Ал рухани кемелдікке жеткен тұлға тұрмыстық ұсақ уайымға терең бойлап кетпеуі тиіс. Сонымен қатар романда ол ел құрметтеген, рухани биік деңгейдегі кейіпкер ретінде бейнеленеді. Сондықтан оның «шеттен келген қаңғыбас» ретінде қабылдануы да, шамадан тыс ашу-ызаға берілуі де сенімсіз көрінеді. Романда кей тұстарда артық баяндау, ой қайталау және стильдік бірізділіктің әлсіреуі байқалады.

Бұл жайт көбінесе жазушылар көркем шығарма жазу барысында сөздің сығымдылығын, әуезділігін көздеу мақсатында кейбір қанатты тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздерді өзгертіп пайдаланады. Қ. Толыбаев Әсет пен Қоңырдың диалогында «Әр жүйрік әліне шабады» (Толыбаев, 2013: 26) деп фразаның қалыпты нормасын бұзып қолданады. Әсілі, бұл мақалдың дұрысы: «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Мұнда жазушы сөздің жинақылығын мақсат етіп, қалыпты формасынан сәл қысқартып қолданған.

Көркем шығарманың фоны, әр сөз-сөйлемі ойсыз, мақсатсыз құрылмайды. Шынайы көркем туынды жайдақ, сылдыр сөзділікпен емес, бейнелі ой, жоталы тіркес жасайтын поэтикалық құралдардың әр алуан ұтымды тәсілдерімен келеді. Сол себепті де жазушы өз шығармасының әр сөзіне қосымша реңктер (семалар) үстеп, айшықтала түсуін ойластырады. Мұндай айшықтылық (образдылық) көбінесе сөзді ауыспалы, астарлы мағынада қолдануда көрінеді. Жазушы Құрманбай Толыбаев шығарманың тілдік образдылығын, яғни поэтикалық бояуын қалыңдата түсу үшін бірқатар бейнелі, тың фразеологизмдерді ұсынады. Мәселен, «Түгін қалыңдата түсті», «Желкесін күжірейтіп, жүнін тікірейтті» сияқты әсері күшті тіркестер арқылы шығармасын әрлендіріп, жан бітірген.

Қ. Толыбаев романының «Пәле-жала» дейтін тарауында Әсет халық үстінен күн көрген алаяқ, әкімқаралардың сұрқия кескіндерін әшкерелеп өлең шығарады.

Жастарды өнерге тәрбиелеп, ел ішіндегі сұрқия ниет, тізешіл көр көкіректерге қарсы тұруға үндейді. Жазушы осы арқылы Әсеттің әнші, сазгер, ақын ғана емес, қайраткерлік тұлғасын да биіктете түседі.

Әсет қарсы күрес ашқан жауы тек ел ішіндегі санаулы зорлықшылар ғана ма? Әрине, олай емес. Әсеттің мақсаты өз өнері арқылы халықтың рухани дүниесін байыту. Оның қарсы тұрған ең үлкен жауы – надандық, ел тағдырын ойыншық қылған зұлымдық, зорлық. Жазушы бұл идеясын жазықсыз жалаға ұшыраған жандардың басындағы оқиғаларды әңгімелеумен береді. Сонымен бірге, Жетісу өңірін мекендеген қазақтардың тіршілік тынысынан, сондай-ақ тежеусіз кеткен жергілікті әкімдердің халықты езіп-қанаған зорлықшыл әрекеттері де айтылады. Осындай зорлыққа Әсеттің өз басы да ұшырайды. Жазықсыздан абақтыға жабылып, ардақты ақынның аяулы жаны жәбірленеді.

Қ. Толыбаев Әсеттің шығармашылық өмірін кемелді көрсету мақсатымен романның барлық тарауында бастан-аяқ Әсет ел аралап «өнер шашады». Оқиғалар тізбегі дерлік Әсет төңірегінде немесе Әсетке тікелей қатысты болып отырады. Әсеттің бір ауылдан бір ауылға барып ән салып, серілік құрған барыстары ұзақ-ұзақ баяндалады. Әсіресе «Жолаушы», «Ауыл таңы» тарауларындағы адамды жалықтырар артық, арқауы бос баяндаулар романның көлемін көбейту үшін ғана алынған сияқты әсер қалдырады. «Әдеби тұлғаның анық та толық шығуы кейіпкердің басындағы іс-әрекеттің аз-көптігіне байланысты бола бермейді. Характерді бір де болса бірегей, дәл екшеген көріністер, тартымды мінездемелер, тілдік даралықтар көркейтпек» (Бердібаев, 1997: 175). Романның кейінгі тарауларындағы көптеген оқиғалар, көріністер Әсеттің тұлғасын сомдауға қызмет етпейді. Егер жазушы ел жүрегінде тұлғалық деңгейге көтерілген Әсет өмірінің елеулі тұстарын типтік оқиғалармен жинақтай баяндаған болса, роман қазіргіден әлдеқайда тартымды, шымыр шыққан болар еді.

4. Зерттеу нәтижесі

Жоғарыдағы екі шығарма да қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті тұлғалары – Таңжарық пен Әсет бейнесін өмірбаяндық деректер негізінде көркемдік тұрғыдан сомдауға арналған. Талқылау мазмұнында айтылған, дәлелденген мәселелерге сүйене отырып, мынадай нәтижелерді ұсынуға болады:

Т. Мәмесейіттің «Таңжарық» романы – қазақ әдебиетінде өнер қайраткерлерінің образын жасауда өзіндік үлес қосқан, дара қолтаңбасы айқын туынды. Қазақ көркем сөз қорын байытуға, халық тарихының ақтаңдақ беттерін толықтыруға үлес қосқан талантты жазушының бұл романы тарихи тұлғаның образын ашуда өзіндік үлгі қалдырған табысты еңбек ретінде бағаланады.

Жазушы Т. Мәмесейіт «Таңжарық» романында Таңжарық ақынның түрмедегі азапты өмірін өлеңдерімен байланыстыра отырып жан-жақты баяндайды. Сонымен қатар, аталған романның көркемдік табиғатындағы негізгі жетістік – деректі, нақты фактілер мен тарихи шындықты баяндауда түрлі көркемдік тәсілдердің қолданылуында. Әрі ол «деректі прозаның шарттарын сақтай отырып, оны көркемдік деңгейге көтеруге ұмтылған» (Ақыш, 2025: 47). Мақаланың талқылау бөлімінде көрсетілгендей, «Таңжарық» романы тарихи-деректі туындылар қатарында

бағаланады. Шығарманың басты жетістігі – өнер қайраткерінің образын ұлттық рух пен көркем шындық аясында бейнелеуінде.

Құрманбай Толыбаевтың «Әсет» атты тарихи-мемуарлық романы – өнер қайраткерінің образын сәтті сомдаған туынды. Романда әнші, ақын Әсет ел аралап өнер таратады. Оның әрбір сапары барысында оны акеділ, ақжүрек, меймандос жандардың жылы қабылдауы суреттеледі. Бұл, біріншіден, қазақтың кеңпейіл қонақжайлық мінезін танытса, екіншіден, халықтың өнерге деген шексіз құрметін аңғартады. Автор романның негізгі идеялық арқауы ретінде Әсеттің өмірі мен шығармашылық жолын алға тартады. Сол себепті оның тұтас шығармашылық өмірі ел арасында суреттеледі. Тарбағатай, Алтай, Іле өңірлерін аралап ән салып, ел жағдайымен етене танысады. Ақынның өнеріне демеу, қолдау көрсеткен Қоңыр, Оразбай, Алмабай, Шадай, Жабықбай, Мешпет би, Ғапари сияқты ел ағалары мен ауыл ақсақалдарының бейнесі беріледі. Әсеттің өнеріне тәнті болған Қадырихан, Әбіш, Дәшті, Байболат, Рақымберді сияқты әнші, ақын шәкірттердің мінез-келбеті де тиісінше суреттеліп, Әсет тұлғасын толықтыра түседі.

Әрі Іле өңіріндегі сапарында даңқты күйші Қожекенің баласы Рақышпен және Әшім, Маздақ секілді күйшілермен, Әріп ақынмен танысып, пікірлес болып, ел өміріне қатысты көптеген сыры мол әңгімелерге куә болады. «Қожекенің зары», «Кері толғау» сияқты Қожекенің күйлерін баласы Рақыш орындаса, Әшім өз күйі «Салтанатты» шертеді. Сонымен бірге, дауласкер күйші Қожекенің Дадай болыс жағынан жала жабылып, дарға асылуы, нақақ жаламен азап шеккен Демежан, Есбосын сияқты ер тұлғалы азаматтардың жайы баяндалып, XX ғасырдың басындағы қоғамдық жағдай мен халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәлімет береді.

Сондай-ақ, Әсет Құлжаға алғаш келген сапарында достары Дәшті, Қырғызбайлардың көмегімен екі-үш күн базар аралайды. Жазушы Қ.Толыбаев Әсетті базар аралату арқылы қоғамдық мәселелерді оның көзімен танытып, ел жағдайын көрсетеді және Әсет ақынның ойшыл, қайраткерлік тұлғасын аша түседі. Осы сарындас келесі эпизодта ақтардың қуғынына ұшырап, шешесімен бірге панасыз қалған Бозтай деген жас жігітті Әсет дүңген досы Цун Уазының үйіне орналастырады. Жазушы осындай шағын детальдар арқылы Әсеттің адамгершілік, азаматтық қырларын айқындайды. Ақын айналасындағы кейіпкерлердің барлығы қарапайым шаруа адамдары. Олардың дарқан мінезі, өнерсүйгіштігі романда жарасымды суреттеліп, оқырманға жақсы әсер қалдырады.

5. Қорытынды

Қарастырып отырған «Таңжарық» және «Әсет» тарихи-мемуарлық романдары қазіргі қазақ романдарында тарихи тұлғаларды арқау еткен көрнекті туындылар қатарында бағаланады. Т. Мәмесейіттің романында Таңжарық ақынның қоғамдық қызметтері мен шығармашылық жолы нақты детальдар арқылы нанымды ашылады. Жазушы ақын образын көркем түрде ашу арқылы тарихи шындықтан алыс кетпеген. Тек Таңжарық өміріне қатысты қажетті деп саналатын біраз деректер сәл өңделіп, өзгерістерге ұшыраған, кейбірі көркем шығарманың талабына сай ойдан қосылған, ал кейбір нақты жағдайлар қысқартылып берілген. Бұл жағдай романның тұтастығына елеулі әсер етпегенімен, детальдардың нақтылық жағын әлсіреткен.

Оқырман тарихи тұлғаның өмір жолын тарихи-зерттеу еңбектерден ғана емес, көркем шығармалар арқылы да тереңірек танығысы келеді. Сондықтан мүмкіндігінше детальдардың шындыққа жақын болғаны дұрыс. Өйткені қиялмен жасалған образға қарағанда өмірдегі нақты шындықтар арқылы берілген шығарманың нанымдылығы мен танымдық қуаты әлдеқайда жоғары болады. Алайда бұдан жазушы өмір шындығын көркемдік жинақтаудан өткізбей сол күйінде ұсынады деген ой туындамауы керек. Таңжарық ертеде өмір сүрген тарихи тұлға емес, оның өмір деректері мен шығармалары негізінен қағаз жүзінде сақталған. Сондықтан оның образын көркемдік шындық тұрғысынан сомдағанда ойдан қосылған оқиғалардың болуы, біріншіден, тарихи тұлғаның көркем бейнесін жасауда жасандылыққа ұрындыруы мүмкін; екіншіден, тарихи қайраткердің өз алдындағы және халық алдындағы жауапкершілігіне нұқсан келтіруі ықтимал.

Ал «Әсет» романы атақты әнші Әсет Найманбайұлының өмірі мен шығармашылық жолын жан-жақты эпикалық тыныспен суреттеуге арналған. Сонымен қатар бұл роман XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық-әлеуметтік жағдайынан мол мәлімет беретін танымдық құндылығымен де ерекшеленеді. Жазушы романның кей тарауларындағы ұзақ, кең баяндауға ұрынған тұстарын айтпағанда, тарихи-деректік жағынан да, Әсет образын сомдаудағы жазушылық шеберлік тұрғысынан да біршама табысты шыққан тарихи романдар қатарында бағаланады.

Әдебиеттер:

1. Әшімхан Т. Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. №2 (127), 2019 ж. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-29-35>
2. Қадыл Т. (2024). Қазіргі қазақ романдарындағы адам және табиғат экологиясы мәселесі (Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы негізінде). Инфрақұрылым, саясат және даму журналы, 8(14), 9601. <https://doi.org/10.24294/jipd9601>
3. Нань Фань. (2008). Әдебиет теориясы. – Бейжің: Пекин университетінің баспасы. – 238 б.
4. Фэй Пэн. (2019). Жаңа ғасыр романдарындағы тарихи бейне. – Цилинь: Солтүстік-Шығыс қалыпты университетінің баспасы. – 134 б.
5. Ло Гэньцзэ. (2003). Қытай әдеби сынының тарихы. – Шанхай: Шанхай кітап баспасы. – 74 б.
6. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: сын-зерттеулер. Алматы: Жазушы, 1993. – 28 б.
7. Мәмесейіт Т. Таңжарық: роман-дилогия. Алматы: Мерей, 2017. – 286–291 бб.
8. Елубай С. Ақбоз үй: тарихи роман. Алматы: Атамұра, 2008. – 7 б.
9. Қабдолов З. Сөз өнері: монография. 2-ші бас. Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.
10. Пірәлиева Г. Қазақстан көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. Алматы: Арыс, 2007. – 359 б.
11. Талдаубек Қ. (2025). Қазақстан тәуелсіздігінен кейінгі қазақ романдарындағы пейзаждың тілдік және поэтикалық қызметі (қазақ романдары негізіндегі талдау). Тілтану зерттеулері форумы, 7(9), 356–371. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.10469>
12. Толыбаев Қ. Әсет: тарихи роман. Алматы: Жазушы, 2013. – 400 б.
13. Бердібаев Р. Тарихи роман: монография. Алматы: Санат, 1997. – 336 б.
14. Ақыш Н.Б., Сәрсенбаева Ж.Б., Абиханова Г. Өмірбаяндық шығармаларда өнер тұлғаларын бейнелеу дискурсы. Керуен ғылыми журналы, №3, 88-том, 2025. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-02>

References:

1. Ashımqan T. (2019). Ramazan Tokhtarov's novel-khamsa "Abai's Mystery" in the context of the literature of independence// BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. –№3. 40-52b. (kaz)
2. Kadyl T. (2024). The issue of human and natural ecology in modern Kazakh novels (based on A. Nurpeisov's novel The Last Duty). Journal of Infrastructure, Policy and Development, 8(14), 9601. <https://doi.org/10.24294/jipd9601>(eng)
3. Nan Fan. (2008). Literary Theory. Beijing: Peking University (eng)Press, 238 p. (chin)
4. Fei Peng. (2019). Historical Image in New-Century Novels. Jilin: Northeast Normal University Press, 134 p. (chin)
5. Luo Genze. (2003). History of Chinese Literary Criticism. Shanghai: Shanghai Bookstore Publishing House, 74 p. (chin)
6. Ashimbayev S. Love for Truth: Critical Studies. Almaty: Zhazushy, 1993, 28 p. (kaz)
7. Mameseit T. Tanzharyk: A Novel-Dilogy. Almaty: Merey, 2017, pp. 286-291. (kaz)
8. Yelubay S. Akboz Uy: A Historical Novel. Almaty: Atamura, 2008, p. 7. (kaz)
9. Kabdolov Z. The Art of Words: Monograph. 2nd ed. Almaty: Mektep, 1976, 374 p. (kaz)
10. Piralieva G. Psychologism in Kazakh Fiction and Its Means of Representation. Almaty: Arys, 2007, 359 p. (kaz)
11. Taldaubek K. (2025). The linguistic and poetic function of landscape in Kazakh novels written after Kazakhstan's independence: An analysis based on Kazakh novels. Forum for Linguistic Studies, 7(9), 356–371. <https://doi.org/10.30564/fls.v7i9.10469> (eng)
12. Tolybayev K. Aset: A Historical Novel. Almaty: Zhazushy, 2013, 400 p. (kaz)
13. Berdibayev R. The Historical Novel: Monograph. Almaty: Sanat, 1997, 336 p. (kaz)
14. Akysh N.B., Sarsenbayeva Zh.B., Abikhanova G. The discourse of representing artistic figures in biographical works. Keruen Scientific Journal, No. 3, Vol. 88, 2025. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-02> (kaz)